Әділет

# Бұқар жырау аудандық мәслихатының кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы

***Күшін жойған***

Қарағанды облысы Бұқар жырау аудандық мәслихатының 17 сессиясының 2009 жылғы 21 шілдедегі N 7 шешімі. Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданы Әділет басқармасында 2009 жылғы 19 тамызда N 8-11-81 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Бұқар жырау аудандық мәслихатының 2014 жылғы 28 ақпандағы № 4 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Бұқар жырау аудандық мәслихатының 28.02.2014 № 4 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Бұқар жырау аудандық мәслихатының кейбір шешімдерін Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 9 ақпандағы "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Заңына сәйкестендіру мақсатында аудандық Мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Бұқар жырау аудандық мәслихатының кейбір шешімдеріне жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару мәселелері бойынша осы шешімнің қосымшасына сәйкес өзгерістер енгізілсін.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы Ә. Тілеубаев*

*Мәслихат хатшысы А. Жұніспеков*

Бұқар жырау аудандық мәслихатының 2009 жылғы 21 шілдедегі N 7 шешіміне қосымша

## Бұқар жырау аудандық мәслихатының кейбір шешімдеріне жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару мәселелері бойынша енгізілетін өзгерістердің тізбесі

Бұқар жырау аудандық мәслихатының келесі шешімдеріне өзгерістер енгізілсін:

1. Күші жойылды - Қарағанды облысы Бұқар Жырау аудандық мәслихатының

34 сессиясының 2010.12.23 N 7 (ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

2. Күші жойылды - Қарағанды облысы Бұқар Жырау аудандық мәслихатының 5 сессиясының 2012.06.21 N 7 (қол қойылған күннен бастап қолданысқа енеді) шешімімен.

3. Бұқар жырау аудандық Мәслихатының 2008 жылғы 19 маусымдағы 5 сессиясының N 8 "Азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек беру туралы" шешіміне (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 8-11-56 болып енгізілген, "Сарыарқа" аудандық газетінің 2008 жылғы 12 шілдедегі N 28 санында жарияланған), Бұқар жырау аудандық Мәслихатының 2008 жылғы 19 желтоқсандағы 10 сессиясының N 8 "Бұқар жырау аудандық Мәслихатының 2008 жылғы 19 маусымдағы 5 сессиясының " Азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек беру туралы" N 8 шешіміне өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы шешімімен (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 8-11-67 болып енгізілген, "Сарыарқа" аудандық газетінің 2009 жылғы 24 қаңтардағы N 3 санында жарияланған) енгізілген өзгерістерімен және толықтыруларымен бірге мынадай өзгерістер:

шешімнің кіріспесіндегі "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" деген сөздер "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" деген сөздермен ауыстырылсын.

4. Бұқар жырау аудандық Мәслихатының 2008 жылғы 19 желтоқсандағы 10 сессиясының N 6 "2009 жылға арналған аудандық бюджет туралы" шешіміне ( нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 8-11-65 болып енгізілген, "Сарыарқа" аудандық газетінің 2009 жылғы 17 қаңтардағы N 2, 2009 жылғы 24 қаңтардағы N 3, 2009 жылғы 31 қаңтардағы N 4, 2009 жылғы 7 ақпандағы N 5 санында жарияланған), Бұқар жырау аудандық Мәслихатының 2009 жылғы 1 ақпандағы 12 сессиясының N 5 "Бұқар жырау аудандық мәслихатының 2008 жылғы 19 желтоқсандағы 10 сессиясының "2009 жылға арналған аудандық бюджет туралы" N 6 шешіміне өзгерістер енгізу туралы" шешімімен (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 8-11-72 болып енгізілген, "Сарыарқа" аудандық газетінің 2009 жылғы 7 наурыздағы N 9, 2009 жылғы 14 наурыздағы N 10, 2009 жылғы 28 наурыздағы N 12 санында жарияланған), Бұқар жырау аудандық Мәслихатының 2009 жылғы 23 сәуірдегі 12 сессиясының N 4 "Бұқар жырау аудандық мәслихатының 2008 жылғы 19 желтоқсандағы 10 сессиясының "2009 жылға арналған аудандық бюджет туралы" N 6 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" шешімімен (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N

8-11-75 болып енгізілген, "Сарыарқа" аудандық газетінің 2009 жылғы 9 мамырдағы N 18, 2009 жылғы 16 мамырдағы N 19, 2009 жылғы 23 мамырдағы N 20, 2009 жылғы 30 мамырдағы N 21, 2009 жылғы 6 маусымдағы N 22 санында жарияланған), енгізілген өзгерістерімен және толықтыруларымен бірге мынадай өзгерістер:

шешімнің кіріспесіндегі "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" деген сөздер "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" деген сөздермен ауыстырылсын.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК